

## Шымкент қаласының аумағында құрылыш жүргізу Қағидасы туралы

### **Күшін жойған**

Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қалалық мәслихатының 2006 жылғы 24 наурыздығы N 27/239-3 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласының Әділет басқармасында 2006 жылғы 10 сәуірде N 14-1-27 тіркелді. Күші жойылды - Шымкент қалалық мәслихатының 2010 жылғы 31 наурыздағы N 33/306-4с Шешімімен

***Ескерту. Күші жойылды - Шымкент қалалық мәслихатының 2010.03.31 N 33/306-4с Шешімімен.***

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі N 242 "Қазақстан Республикасындағы сәulet, қала құрылышы және құрылыш қызметі туралы" Заңының 22-бабы 1-1 тармағының 4) тармақшасына және 30 бабына сәйкес, қалалық маслихат **ШЕШІМ ЕТТИ:**

1. Қосымшада ұсынылған Шымкент қаласының аумағында құрылыш жүргізу Қағидасы бекітілсін.

2. Бұл шешім "Шымкент келбеті" және "Панорама Шымкента" газеттерінде ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік мерзімнен соң қолданысқа енгізіледі.

Қалалық мәслихат сессиясының төрағасы *F.Нысанов*

Қалалық мәслихат хатшысы *K.Халметов*

Қ а л а л ы қ

м ә с л и х а т т ы н

2 0 0 6

ж ы л ғ ы

2 4

наурыздығы

N

2 7 / 2 3 9 - 3 c

ш е ш і м і м е н

бекітілген

**Шымкент  
ҚАҒИДАСЫ**

**қаласы**

**аумағының**

**құрылышы**

Осы Шымкент қаласы аумағының құрылышы Қағидасы (бұдан әрі - Қағида) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының

Жер кодексіне, Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы сәulet, құрылыш және қала құрылышы қызметі туралы" , "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" , "Тұрғын үй қатынастары туралы" , "Жеке тұрғын үй құрылышы туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес әзірленген және жер учаскелерін сәulet, қала құрылышы және құрылыш қызметінің субъектілерін пайдалану, елді мекен аумақтарын және табиғи аймақтарды жобалау және салу жөніндегі шарттар мен

талаптарды анықтайды, жаңа объектілерді немесе қолданыстағы жылжымайтын мүлік объектілерін орналастыруға және салуға және уақытша ғимараттарды өзгертуге (қайта бейіндеу, қайта жабдықтау, қайта жобалау, қайта жаңарту, кеңейту, күрделі жөндеу) рұқсат беру тәртіптемелерінің өту тәртібін белгілейді, Шымкент қаласы аумағындағы сәулет, қала құрылышы және құрылыш қызметтерін жүзеге асыруға байланысты өзге де қатынастарды реттейді.

## 1 - б ө л і м .                    Ж а л п ы                    Қ ағ и д а л а р

### **1-тaraу. Қағидада қолданылатын негізгі түсініктер**

1. Осы Қағидада мынадай ұғымдар пайдаланылады:  
қала әкімі - Шымкент қаласының әкімі;  
аудан әкімі - Шымкент қаласының әкімшілік аумақтық бірлігінің (аудан)  
ә к і м і ;  
қала әкімдігі - Шымкент қаласының әкімдігі (жергілікті атқарушы орган);  
қаланы абаттандыру - қала аумағында адамның қолайлы, салауатты және  
тиімді өмір тіршілігін құруға бағытталған элементтер мен жұмыстар кешені;  
қала құрылышының реттемесі - Шымкент қаласындағы жер участеклерін және  
өзге де жылжымайтын мүлік объектілерінің белгіленген көрсеткіштері мен  
пайдалану түрлерінің, сондай-ақ құрылышты және қайта жаңартуды жүзеге  
асыруда жылжымайтын мүлік объектілерінің жіберілген өзгерістерінің  
ж и ы н т ы ғ ы ;

тапсырыс беруші - құрылышқа мердігер шартын жасайтын және азаматтық  
заңнамаға сәйкес өз міндеттерін жүзеге асыратын заңды және жеке тұлға;  
тапсырыс беруші болып құрылыш салушы немесе құрылыш салушымен  
үәкілдендірілген өзге тұлға болуы мүмкін, бұл жағдайда құрылыш салушы  
мемлекеттік қадағалау және өзге де мемлекеттік органдармен өзара байланыс  
жасау барысында өз қызметтерін үәкілетті органға табыстауы мүмкін;

құрылыш салушы - белгіленген объектінің салуды жүзеге асыруға ниет  
білдірген және құрылыш салуға жер участекін беру немесе оған меншік немесе  
жерді пайдалану құқығында тиесілі жер участеклерін пайдалануға рұқсат беру  
туралы әкімдіктің шешімін алған заңды және жеке тұлға;

инвестор - объектінің құрылышына капиталдық салымды жүзеге асыратын  
заңды және жеке тұлға, инвестор құрылыш салушы болуы мүмкін;

инженерлік, көліктік және әлеуметтік инфрақұрылым - ғимараттар және  
инженерлік жабдықтар (су құбыры желілері, кәріздеу, жылумен жабдықтау,  
электрлік желілер және т.б.), байланыс, көлік (автокөлік жолдары, аялдамалар,  
автокөлік қоятын орын және т.б.) коммуникациялар, сондай-ақ қаланың тұрақты  
дамуын және қызмет етуін қамтамасыз ететін халыққа әлеуметтік және  
мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету объектілерінің кешені;

қызыл желілер - орамдарды, шағын аудандарды және жобалау құрылымының

басқа да элементтерін Шымкент қаласының көшелерінен, өту жолдарынан және алаңдарынан бөлестін шекаралар;

құрылысты реттейтін желілер - қызыл желілерден немесе жер участеклерінің шекараларынан шеттете отырып, ғимараттарды, құрылымдарды және имараттарды орналастырганда белгіленетін құрылыш шекаралары;

мәслихат - Шымкент қаласының жергілікті өкілетті органы;

қала құрылышындағы жылжымайтын мүлік объектілері (бұдан әрі - жылжымайтын мүлік объектілері) - осы объектілер орналастырылатын ғимараттарды, имараттарды және жер участеклерін пайдалану, салу және қайта жаңарту жөніндегі қызметтерді жүзеге асыру қатысындағы объектілер;

сәulet органы - сәulet және қала құрылышы саласындағы реттеуді жүзеге асыруға әкіммен уәкілдендірілген, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган;

мемлекеттік сәulet-құрылыстық бақылау органы - сәulet, қала құрылышы және құрылыш саласында мемлекеттік сәuleттік және құрылыстық бақылау, инспектілеу және лицензиялау аумақтық органы;

коммуналдық шаруашылық органы - коммуналдық шаруашылық саласындағы реттеуді жүзеге асыруға әкіммен уәкілдендірілген, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган;

жер қатынастары бөлімі - жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшесі;

қоршаған ортаны қорғау жөніндегі орган - қоршаған ортаны қорғау жөніндегі аумақтық орган;

мемлекеттік қадағалау органы - жобалық және құрылыш жұмыстарының құрылыш, өртке қарсы, санитарлық, экологиялық, табиғат қорғау және өзге де Қағидаларға сәйкес келуін жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

мердігер - тапсырыс берушімен шарт бойынша жұмысты орындаітын заңды және жеке тұлға; мердігердің орындалатын жұмыстар түрлеріне лицензиясы болуы қажет;

жобалаушы - жобалық қызметтің тиісті түрлерін жүзеге асыруға лицензиясы бар ұйым;

қала құрылышында жер участеклерін және өзге де жылжымайтын мүлік объектілерін пайдалануға рұқсат беру - қала құрылышы тәртіптемесіне сәйкес жылжымайтын мүлік объектілерін пайдалану; заңнамаға сәйкес белгіленген, аталған объектілерді пайдалануға шектеулер, сондай-ақ сервитуттар;

ерікті құрылыш - ерікті құрылыштарды (тұрғызу) (тұрғын үйлер, басқа да құрылымдар, ғимараттар және жер участексерінде салынған, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте осы мақсаттар үшін бөлінбеген, сондай-ақ оған қажетті рұқсаттар алусыз құрылған өзге де

**ж ы л ж ы м а й т ы н**

**м ү л і к ) ;**

құрылыш алаңы - тұрғызылатын объектілерді, уақытша құрылымдар мен ғимараттарды, техникаларды, топырақ үйінділерін орналастыру, құрылыш материалдарын, бұйымдарды, жабдықтарды реттеу және құрылыш-монтаж жұмыстарын орындау үшін пайдаланылатын аумақ;

құрылыш нормалары мен Қағидалары - жобалауды және құрылыш салуды жүзеге асырғанда міндетті орындауға жататын нормативтік- техникалық құжаттар;

пайдаланатын ұйым - инженерлік коммуникацияларды (су құбыры және электр желілері, газбен және жылумен жабдықтау, байланыс және т.б.) пайдалануды жүзеге асыратын ұйым. сәulet, қала құрылышы және құрылыш қызметінің субъектілері- Қазақстан Республикасының аумағында адамның мекендейтін және тіршілік ететін ортасын қалыптастыруға және дамытуға қатысатын мемлекеттік органдар, жеке және заңды тұлғалар сәulet, қала құрылышы және құрылыш қызметінің субъектілері болып табылады. Қағидада нормативтік құқықтық актілерде пайдаланылатын өзге де ұғымдар пайдаланылады, осыған сәйкес Қағида әзірленген.

**2-тaraу. Қала құрылышы талаптарының сақталуын қамтамасыз ету**

2. Шымкент қаласының аумағында әртүрлі бағыттағы объектілерді ерікті салуға жол берілмейді.

3. Жер участкелерін салу және пайдалану қала әкімдігімен және қала құрылышы реттемесімен анықталған мақсатты тағайындалуы бойынша қатаң түрде жол беріледі.

4. Азаматтар мен заңды тұлғалар:

Қағидаларға сәйкес құрылышты жүзеге асыруға;

Тарихи және мәдени ескерткіштерге, табигат ескерткіштеріне, қалалық, селолық және табигат ландшафттарына, инженерлік объектілерге, көліктік инфрақұрылымдарға және аумақты абаттандыруға зиянды әсер ететін, үшінші тұлғаның заңдық мүддесіне, меншік иелерінің, қожайындардың, жалдаушылардың немесе жер участкелерінің және жылжымайтын мүлік объектілерінің пайдаланушыларының құқықтарын іске асыруға кедергі келтіретін іс-әрекеттер жасауға;

Жер участкелеріндегі ғимараттарды, құрылымдарды және имараттарды тиісінше ұстау, жер участкелерін сәulet, қала құрылышы құжаттамасына, құрылыш нормалары мен Қағидаларына, экологиялық, санитарлық, өртке қарсы және өзге де арнайы нормативтерге, жол қозғалысы қауіпсіздігі туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, абаттандыру Қағидаларына сәйкес абаттандыру жұмыстарын жүргізуға;

Қала құрылышы саласындағы бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың рұқсаттамаларын орындауға және хабарламаларын жүзеге асыруға;

Қала құрылышы саласындағы бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларына олардың өз өкілеттіктерін іске асыруға

көмек

көрсетуғе;

Жылжымайтын мұлік объектілерін түгендеуді жүргізуіді, қала құрылышының мемлекеттік кадастрын және қала аумағын салу мониторингін, жылжымайтын мұлік объектілерін меншік иелерінің қол жеткізілімін жүзеге асыратын

ұйымдарға үсінуға;

Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте мұдделі мемлекеттік органдарға қажетті жобалық-сметалық құжаттамаларды, кешенді инженерлік зерттеулер мен өзге материалдарды тапсыруға;

Коршаған ортаны қорғау жөніндегі заңнама талаптарын сақтауға міндетті.

### 3-тaraу. Мемлекеттік органдардың өкілеттіктері

5. Қала әкімдігінің құзырына Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мына мәселелер жөніндегі шешімдерді қабылдау жатады:

1) жобалау, зерттеу және іздестіру жұмыстарын жүргізу, өнеркәсіптік-азаматтық нысандағы объектілер бойынша құрылыш салу мақсатында жер участекерін (қолда бар қосымша участекінің қысы) беру туралы;

2) қаладағы аудандарға, көшелерге, даңғылдарға, аландарға, өзге де объектілерге атау беру, атауларын өзгерту, жер участекеріне, ғимараттар мен құрылымдарға реттік нөмір беру, көрсеткіштерді орнату және оларды пайдалану тәртібін анықтау .

6. Аудан әкімінің құзырына Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өкілдіктер арқылы құрылышы аяқталған өнеркәсіптік-азаматтық нысандағы объектілерді, жекелеген тұрғын үйлерді, саяжай құрылымдарын, уақытша құрылымдар мен имараттарды, гараждарды және шаруашылық құрылыштарды пайдалануға қабылдауға қатысу жатады.

7. Сәulet органының құзырына Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес :

1) Шымкент қаласының аумағында мемлекеттік сәulet, қала құрылышы және құрылыш саясатын жүргізу ;

2) сәulet, қала құрылышы және құрылыш қызметі туралы заңнама нормаларының, мемлекеттік нормативтердің және заңнамамен белгіленген тәртіпте бекітілген Шымкент қаласы аумағындағы және қалаішілік аймақтардағы аумақты қала құрылышымен игеру кезінде сәulet, қала құрылышы, құрылыш және өзге де жобалық құжаттаманың сақталуын мемлекеттік бақылауды қамтамасыз ету ;

3) бекітілген қала құрылышы құжаттамасына сәйкес құрылыш жобаларының

іске асыруын, қала құрылышы тәртіптемесінің, қалалық құрылыш Қағидаларының сақталуын қадағалауды жүзеге асыру;

4) объектілерді және кешендерді орналастыру, қала құрылышы мақсаттарына жер участеклерін беру және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен қарастырылған жағдайларда мемлекеттік қажеттіліктер үшін оларды алып қою жөнінде қала әкіміне ұсыныстар әзірлеу;

5) жобаларды мемлекеттік сараптаудың республикалық және аумақтық бөлімшелерімен, мемлекеттік сәulet-құрылыш инспекциясымен, сәulet, қала құрылышы және құрылыш қызметі саласындағы мемлекеттік, қоғамдық және жеке мұдделерді қорғау мәселелері бойынша лицензиялау органдарымен өзара байланыс жасау;

6) тиісті деңгейде мемлекеттік қала құрылышы кадастрын жүргізу;

7) сәulet, қала құрылышы және құрылыш қызметі туралы заңнамаға қайшы келмейтін, сәulet органы туралы Қағидамен анықталған өзге де қызметтерді орындау;

8) сәulet-жоспарлау тапсырмаларды және пайдаланудағы тұрғын ғимараттарындағы (үйлердегі, жатақханалардағы) тұрғын және тұрғын емес ғимараттарды (жекелеген бөлімдерді) өзгерту (қайта жаңарту, қайта жоспарлау, қайта жабдықтау) жобасын әзірлеуге қажетті бастапқы мәліметтерді беруге. Сәulet-жоспарлау тапсырмаларын беру жобаларды әзірлеуге рұқсат беруін білдіреді;

9) қала аумағында және қалаішілік аймақтарда геодезиялық жұмыстарының, инженерлік-геологиялық және басқа да тұрлерінің өндірісіне белгіленген тәртіpte рұқсат беру бөлігінде қаланың геодезиялық қызметіне басшылық ету, осы жұмыстарды жоспарлау, есепке алу және техникалық қабылдау, құрылыштың кезекшілік-жедел жоспарларын, жерасты коммуникацияларды орналастырудың тіркеу жобаларын және инженерлік-геологиялық өндеу атластарын жүргізу, геодезиялық белгілерді қорғау, жөндеу және қалпына келтіру, қала аумағындағы жобалық және түсірілген материалдарды тіркеу және сақтау;

10) жер қатынастары бөлімімен бірлесіп, ерікті құрылыш мониторингін жүргізу; ерікті құрылыштар анықталған жағдайда осы Қағиданың 6-тарауына сәйкес шаралар, заңнамаға сәйкес басқа да шаралар қабылдау.

**2-бөлім. Қала аумағының құрылышын реттеу**  
**4-тарау. Жер участеклеріне құқық табыстау туралы Шымкент қаласы әкімдігінің қаулысын қабылдау кезіндегі рұқсат беру ресімдерінің тәртібі**

*Ескерту. Тақырыб жана редакцияда - Шымкент қалалық мәслихатының 14.04.2008 N 9/80-4c (Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.*

8. Құрылыш салуға ниет білдірген, бірақ тиісті жер участекі жоқ тапсырысшы

мемлекеттен заңнамамен қарастырылған жағдайларда жер участесіне құқық алуға (сатып алуға) құқылы.

9. Мемлекет меншігінде жер телімдерін жеке меншікке (жер пайдалануға) алуға құқығы бар жеке және заңды тұлғаларға жеке меншікке (жер пайдалануға) беру келесі тәртіппен іске асырылады:

жер кодексімен немесе Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық кесімдерімен қарастырылған жағдайларда ақысыз (өтеусіз) негізде;

сауда-саттықсыз өтеулі негізде;

сауда-саттық жүргізу арқылы өтеулі негізде;

Құрылыс салуға арналған жер участеклеріне құқықты сату бойынша сауда-саттық өткізу кезінде жер участесін сатып алу-сату немесе жалға алу құнын сатып алу үлгілік келісім-шартында жер участесін берудің мынадай шарттары қарастырылуы мүмкін:

инженерлік, көлік және әлеуметтік инфрақұрылым нысандарының құрылышы (заңнамада қарастырылған жағдайларды есептемегенде);

жылжымайтын мүлік нысандарының құрылышы салу мерзімін сақтау; ортақ пайдалану аймақтарын абаттандыру.

Осы аталған шарттар жер участесіне құқық басқа тұлғага өткен жағдайда да сақталауды;

*Ескерту. 9-тармақ жана редакцияда - Шымкент қалалық мәслихатының 14.04.2008 N 9/80-4c (Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.*

9-1. Өтініште: жер телімін пайдаланудың мақсаты, оның болжамды мөлшері, орналасқан жері, сұралатын пайдалану құқығы, өтініш білдірушілердің реквизиттері (мекен жайы, телефоны көрсетілүмен, басқа жер телімдерінің (Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 50-бабы 2-тармағында аталған жер телімдері бойынша) болуы (болмауы) көрсетілуі тиіс.

Пайдалы қазбалар шығарылатын жағдайда өтінімге жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың көшірмесі қоса беріледі.

*9-1 тармақ жаңа редакцияда - Шымкент қалалық мәслихатының 23.12.2008 N 16/163-4c (Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.*

9-2. Әкімдіктің тапсырмасы бойынша жер қатынастары жөніндегі орган 2 жұмыс күнінен аспайтын уақытта мүдделі тұлғаның арызын (қолдаухатын) тіркейді және нормативтік құқықтық актілермен қарастырылған жағдайларда сұралып отырған жер участесінде меншік иелері (жер пайдаланушылар), сондай-ақ жер қатынастарының басқа да субъектілері бар немесе жоқтығы туралы ақпаратты бекітілген тәртіппен алу үшін қолдаухаттың көшірмесін Оңтүстік Қазақстан еншілес мемлекеттік кәсіпорны жерге орналастыру ғылыми

өндірістік орталығы (ары қарай ОҚ ЕМКЖО ФӨО) Шымкент қалалық жер-кадастр филиалына жолдайды;

*Ескерту. Шешім 9-2 тармақпен толықтырылды - Шымкент қалалық мәслихатының 14.04.2008 N 9/80-4с ; өзгерту енгізілді - Шымкент қалалық мәслихатының 23.12.2008 N 16/163-4с (Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)*  
**Шешімдерімен.**

9-3. ОҚ ЕМКЖО ФӨО Шымкент қалалық жер-кадастр филиалы (келісіміне қарай) жеті жұмыс күні ішінде (кіші кәсіпкерлік субъектілері үшін екі жұмыс күні ішінде) бекітілген тәртіппен жер қатынастары органына сұралып отырған жер учаскесінде меншік иелері (жер пайдаланушылар), сондай-ақ жер құқығына қатысты басқа да субъектілердің бар немесе жоқтығы туралы ақпаратты ұсынады;

ОҚ ЕМКЖО ФӨО Шымкент қалалық жер-кадастр филиалы сондай-ақ мемлекеттік жер-кадастрлық автоматты ақпараттар жүйесінен жер учаскесінің орналасу сызбасын береді;

Өткізілген құжаттар ОҚ ЕМКЖО ФӨО Шымкент қалалық жер-кадастр филиалының бірінші басшысының қолы қойылып, куэландырылады;

*Ескерту. Шешім 9-3 тармақпен толықтырылды - Шымкент қалалық мәслихатының 14.04.2008 N 9/80-4с (Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)*  
**Шешімімен.**

9-4. Жер қатынастары жөніндегі орган екі жұмыс күні ішінде мүдделі тұлғаның қолдаухатының және ОҚ ЕМКЖО ФӨО Шымкент қалалық жер-кадастр филиалынан келген барлық құжаттардың көшірмесін бірінші басшының қолы қойылған түрде сәulet органына ұсынылған қолдаухатты қанағаттандыру мүмкіндігін анықтау үшін (жер учаскесін алдын-ала таңдау актісі) жолдайды;

*Ескерту. Шешім 9-4 тармақпен толықтырылды - Шымкент қалалық мәслихатының 14.04.2008 N 9/80-4с (Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)*  
**Шешімімен.**

9-5. Сәulet органы жеті жұмыс күні ішінде (кіші кәсіпкерлік субъектілері үшін екі жұмыс күні ішінде) жер қатынастары органына бірінші сәulet органының басшының қолы қойылған сұралған жер учаскесін арызда көрсетілген нысаналық мақсатына сай пайдалану мүмкіндігі туралы қорытындыны ұсынады;

қорытындыға сәulet органының бірінші басшысының қолы қойылған және сәulet органының мөрі басылған жер учаскесіне құқық ұсыну үшін қажетті құжаттар қоса тіркеледі (қала құрылышы регламенттерімен, шектеулерімен, "қызыл сзықтарымен", жер учаскесінің координаттарымен бірге тірек жоспары);

Объекті құрылышын салу үшін жер учаскесі сұралған кезде жер учаскесін таңдау алдын ала жүргізіледі, оны Шымкент қаласы әкімдігі құраған арнаулы

Объект құрылышын салу үшін, жер телімдерін таңдау нәтижесі ал қажет болған жағдайларда және оның күзет немесе санитариялық-қорғау аймағын белгілеу үшін, Шымкент қаласының жер қатынастары бөлімімен жер телімдерін таңдау туралы актісімен рәсімделеді. Осы актіге әрбір жер учаскесін таңдаудың ықтимал нұсқаларына сәйкес олардың шекарасының жобалары қоса тіркеледі.

*Ескерту. Шешім 9-5 тармақпен толықтырылды - Шымкент қалалық мәслихатының 14.04.2008 N 9/80-4с ; өзгерту енгізілді - Шымкент қалалық мәслихатының 23.12.2008 N 16/163-4с (Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)*  
**Шешімдерімен.**

9-6. Жер қатынастары органы жеті жұмыс күні ішінде (кіші кәсіпкерлік субъектілері үшін екі жұмыс күні ішінде) қорытындыны дайындалап, жер учаскесі бойынша құжаттарды, жер учаскесін таңдау актілері және жер учаскесі шекарасының жобалары және өзге де құжаттар Жер комиссиясы қарауына

**ұ с ы н а д ы ;**

*Ескерту. Шешім 9-6 тармақпен толықтырылды - Шымкент қалалық мәслихатының 14.04.2008 N 9/80-4с ; өзгерту енгізілді - Шымкент қалалық мәслихатының 23.12.2008 N 16/163-4с (Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)*  
**Шешімдерімен.**

9-7. Жер комиссиясы бес жұмыс күні ішінде жер учаскесіне сұралған құқықты ұсынуға болатындығы немесе болмайтындығы туралы қорытынды береді .

*Ескерту. Шешім 9-7 тармақпен толықтырылды - Шымкент қалалық мәслихатының 14.04.2008 N 9/80-4с (Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)*  
**Шешімімен.**

Жер комиссиясы шешімі қорытынды түрінде ресімделеді;

9-8. Жер комиссиясы оң нәтижелі шешім шығарған жағдайда жер қатынастары органы жеті жұмыс күні ішінде (кіші кәсіпкерлік субъектілері үшін екі жұмыс күні ішінде) құжаттардың көшірмесін жерге орналастыру жобасы жасалуы үшін арызданушыға өткізеді;

Жер комиссиясы құқық ұсынудан бас тартқан жағдайда екі күннен аспайтын мерзімде жер қатынастары органы әкімдіктің құқық ұсынудан бас тартуға негізделген қаулы жобасын дайындайды және қаулыны әкімдік қарауына ұсынады (әкімдіктің жер учаскесіне құқық ұсынудан бас тарту туралы қаулысының көшірмесі арызданушыға шешім қабылданғаннан кейін жеті күн ішінде та п с ы р ы л а д ы ) ;

*Ескерту. Шешім 9-8 тармақпен толықтырылды - Шымкент қалалық*

*мәслихатының 14.04.2008 N 9/80-4с (Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.*

9-9. Жерге орналастыру жобасын орындау үшін арызданушы тиісті лицензиясы бар ұйымды өзі таңдайды. Жоба ішінде берілетін жер телімінің орналасуы, алаңы, оның шекаралары, шекаралас жер пайдаланушылар мен меншік иелері, сондай-ақ жер участкесіне салынатын ауыртпалықтар мен сервітуттар

көрсетіледі;

Белгілі тәртіппен жасалған жобаны арызданушы жер қатынастары органына бекіту үшін және жер участкесіне құқықты одан әрі қарай ресімдеу үшін ұсынады;

*Ескерту. Шешім 9-9 тармақпен толықтырылды - Шымкент қалалық мәслихатының 14.04.2008 N 9/80-4с (Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.*

9-10. Жер қатынастары жөніндегі орган он жұмыс күннен аспайтын (кіші кәсіпкерлік субъектілері үшін үш жұмыс күні ішінде) жер участкесінің бөлінетіндігін-бөлінбейтігін көрсетіп, жерге тиісті құқық ұсыну туралы әкімдік қаулысының жобасын дайындайды және оны әкімдікке қарауга ұсынады;

Әкімдік қаулысының жобасы Шымкент қаласы әкімінің сәulet, қала құрылышы және жер қатынастары мәселелерін бақылайтын орынбасарымен, Шымкент қаласы әкімі аппаратының заң бөлімімен, сәulet органымен келісіледі;

*Ескерту. Шешім 9-10 тармақпен толықтырылды - Шымкент қалалық мәслихатының 14.04.2008 N 9/80-4с (Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.*

9-11. Әкімдік жиырма жұмыс күннен аспайтын мерзімде (кіші кәсіпкерлік субъектілері үшін төрт жұмыс күні ішінде) қаулыны қабылдап, әкімдік қаулысының 5 данасын (куәландырылған көшірмелерін) құжаттармен бірге жер қатынастары

органына

жолдайды;

*Ескерту. Шешім 9-11 тармақпен толықтырылды - Шымкент қалалық мәслихатының 14.04.2008 N 9/80-4с (Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.*

9-12. Жер қатынастары жөніндегі орган әкімдік қаулысы қабылданған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде сатып алу-сату немесе жалға алу келісім-шартын жасасады және қаулының 1 данасымен бірге оны арызданушыға және ОҚО еншілес мемлекеттік кәсіпорны жерге орналастыру ФОО Шымкент қалалық жер-кадастр

филиалына

өткізеді;

*Ескерту. Шешім 9-12 тармақпен толықтырылды - Шымкент қалалық мәслихатының 14.04.2008 N 9/80-4с (Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.*

9-13. ОҚО еншілес мемлекеттік кәсіпорны жерге орналастыру ФТО Шымкент қалалық жер-кадастр филиалы отыз күн ішінде бекітілген тәртіппен жер-кадастрық ісін құрастыру үшін құжаттарды, оның ішінде жер участекесінің шекараларын өз орнында анықтау құжаттарын да реттейді, жер участекесіне сәйкестендіру құжатын дайындайды және оны жер-кадастрық ісімен бірге жер қатынастары органына қол қойылу үшін жолдайды белгіленген төлем ақы жасалғаннан

соң;

*Ескерту. Шешім 9-13 тармақпен толықтырылды - Шымкент қалалық мәслихатының 14.04.2008 N 9/80-4c ; өзгерту енгізілді - Шымкент қалалық мәслихатының 23.12.2008 N 16/163-4c (Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)*  
**Шешімдері мен.**

9-14. Жер қатынастары жөніндегі орган бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде өткізілген сәйкестендіру құжатын тіркеп, оны арызданушыға жер участекі үшін, ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығы шығындары етелгені жайлы (ауыл шаруашылығы алқаптары мен орман қоры жерлері берілген жағдайда) төлем құжаты ұсынылғаннан кейін тіркеу журналына қол қойғызып береді, ал жер-кадастрық ісін мемлекеттік жер кадастрық автоматты ақпараттар жүйесіне енгізіп мұрағаттау үшін ОҚО еншілес мемлекеттік кәсіпорны жерге орналастыру ФТО Шымкент қалалық жер-кадастр филиалына жолдаиды;

*Ескерту. Шешім 9-14 тармақпен толықтырылды - Шымкент қалалық мәслихатының 14.04.2008 N 9/80-4c (Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.*

9-15. Жер участекесіне құқықты мемлекеттік тіркеу тіркеуші органды заңнамамен бекітілген тәртіpte іске асырылады;

*Ескерту. Шешім 9-15 тармақпен толықтырылды - Шымкент қалалық мәслихатының 14.04.2008 N 9/80-4c (Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.*

10. Қала әкімдігі құрылыш салу үшін жер участекелеріне құқықты сату кезінде сауда-саттық жүргізгенде мынадай қосымша талаптар белгілеуге құқылы:

жылжымайтын мұлік объектілерін бұзғанда: тұрғындарды көшіруге, ғимараттарды және көлік, байланыс және инженерлік жабдықтарды көшіруге кеткен шығындардың және өзге де залалдардың орнын толтыруға;

инженерлік, көліктік және әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін салуға (заңнамамен қарастырылған жағдайдан басқа);

жылжымайтын мұлік объектілерінің құрылыш мерзімін сақтауға; жалпы қолданыстағы аумақты абаттандыруға.

11. Құрылыш салуға жер участекелерін бергенде сәulet органы құрылыш салу

объектісіне шығыс-рұқсат беру құжаттамасын өзірлеуді және мүдделі мемлекеттік органдармен және пайдаланушы ұйымдармен келісуді қамтамасыз етеді,

онда:

жер участкесінің орналасқан жері;

ғимарат ауданы, көлік және басқа да элементтердің тұрақтары көрсетіліп, бөлінген аумақтың ауданы;

жоспарлау жобаларына және аумақтың құрылышын жобасына сәйкес участкенің жобалық шекаралары және қоршалған объектілерге дейін участке шекараларының арақашықтығы;

жер участкелерін рұқсат етілген мақсатты пайдаланылуы;

жер участкелерін инженерлік, көліктік және әлеуметтік инфрақұрылым объектілерімен қамтамасыз ету.

12. Шағын кәсіпкерлік субъектілерімен, объектілердің, жеке тұрғын үй құрылыш объектілерін, гараждарды, саяжай құрылымдарын, шаруашылық құрылыштарды салу үшін жер участкелерін ұсыну туралы шешім шығару кезінде қала әкімдігі бір уақытта берілетін жер участкесіне жобалауға және/немесе салуға рұқсат беруге құқылы.

Бөлінген жер участкесіне жобалауға рұқсат беру туралы шешім шыққан жағдайда қала әкімдігі бір уақытта осы жер участкесіндегі рұқсат беруге құқылы.

#### **5-тaraу. Жер участкелерін пайдалануға қала құрылышы талаптары**

13. Жер участкелерін құрылыш салу кезінде пайдалануға қала құрылышы талаптары Шымкент қаласының Бас жоспарының, жоспарлау жобаларының, құрылыш жобаларының, сондай-ақ осы Қағиданың негізінде белгіленеді.

14. Құрылыш салуды жүзеге асыруға ниеті бар тапсырыс беруші жер заңнамаларына сәйкес осы объектіні салу үшін жер участкелеріне құқық не болмаса тапсырыс берушіге меншік немесе жер пайдалану құқығында тиесілі участке құрылышын пайдалануға рұқсат алуға міндетті.

Сәulet органы Жер қатынастары органмен бірге Шымкент қаласының Бас жоспарына және өзге актілеріне сәйкес объектінің құрылышы үшін жер участкесін пайдалану мүмкіндігін анықтайды.

14-1. Қала әкімдігі жобалау және (немесе) құрылыш салу мақсаттары үшін жер участкесін беру туралы шешім қабылдағаннан кейін сәulet органы мен құрылыш салушының арасында жер участкесін игеру туралы шарт жасасылады, онда келесі жағдайлар белгіленеді:

1) жер участкесін игеру мерзімі;

2) жер участкесінің игерілуін аралық бақылау мерзімі;

3) құрылыш салушы жер участкесін игеру графигін орындаған жағдайда одан жер участкесін (пайдалану құқығын) алып қою шарттары.

Құрылыш салуышының жер участекесін (жер пайдалану құқығын) алып қою шарттары оның құрылыш салуды жүзеге асыруда шеккен шығындарының орнын толтыруды қамтамасыз етуі тиіс .

### **6-тaraу. Құрылыш-жөндөу жұмыстарын жүргізуге рұқсат алу**

15. Құрылыш салуға рұқсат алу - жер участекесінің құрылышын, ғимараттар, құрылыштар, үймереттер мен магистральды инженерлік желілерді салу және қайта жаңғырту, аумақты абаттандыруды жүзеге асыратын меншік иесін, пайдаланушыны немесе жылжымайтын объектіні жалға алушыны күзәландыратын құжат .

16. Құрылыш салуға рұқсат беру азаматтар мен занды тұлғалардың өтініштері, олардың жер участекелеріне құқықтары бар екенін растайтын құжаттар негізінде мемлекеттік сәulet құрылышты бақылау органымен беріледі және бекітілген жобалық құжаттаманың барлығын ескермеген жағдайда, рұқсат осы Қағиданың 17-тarmaғына сәйкес сәulet органымен беріледі.

17. Құрылыш салуға рұқсат азаматтар мен занды тұлғалардың өтініштері, олардың жер участекелеріне құқықтары бар екенін растайтын құжаттар негізінде және жылжымалы мен қоршайтын құралымдар, инженерлік желілер мен жабдықтардың өзгеруіне апармайтын (тұрғын және тұрғын емес ғимараттарды қайта салу, қайта жоспарлау, қайта жабдықтау) өзгерістерге байланысты құрылыш жұмыстарын өткізуге бекітілген жобалық құжаттама бар болған кезде сәulet органымен беріледі.

18. Құрылыш салуға рұқсат беру салуға рұқсат берген органмен тіркелуге тиіс.

19. Жылжымайтын объектілерді салу және қайта жаңарту жұмыстарын жүзеге асырылуын бақылау құрылыш салуға арналған рұқсатқа, сондай-ақ қала құрылышын салу реттемесіне, құрылыш нормалары мен Қағидаларына сәйкес, құрылыш салуға рұқсат берген органға заңнамамен көзделген басқа жағдайларды ескермегендегүктеледі.

20. Мемлекеттік сәulet құрылыштық бақылау органдарымен немесе сәulet органдарымен құрылыш салуға рұқсат берген кезде мына жағдайларда бас тартуы мүмкін :

жер участекесін мақсатқа сай пайдаланбағандығы;

жобалық құжаттаманың пайдалануға рұқсат берілген жер участекесіне сәйкес келмейтіндігі ;

жобалық құжаттаманың құрылыш нормалары мен Қағидаларына, сондай-ақ табиғатты қорғау, санитарлық және өртке қарсы нормативтерге, жол қозғалысы қауіпсіздігі туралы заңнама талаптарына сәйкес келмейтіндігі.

21. Құрылыш салуға рұқсат беру бір жылдан аспайтын мерзімге беріледі.

Құрылыш салуға рұқсат беру тапсырыс берушінің өтініші негізінде ұзартылуы

мүмкін. Рұқсат берудің қолданылуы бекітілген жобадан және қолданыстағы заңнама нормаларының басқа бұзушылықтарынан түскен түсімдерге, жұмыстарды жүргізу Қағидаларын бұзған деректерді орнатқан жағдайда тоқтатылуы мүмкін. Сонымен бірге тапсырыс берушіге (тапсырушыға) жазбаша түрде тиісті нұсқама беріледі.

22. Жылжымайтын мұлік объектілеріне меншік құқығы өткен кезде оларды салуға рұқсат беру әрекеті сақталады. Құрылыш салуға берілген рұқсат қайта тіркеуге жатады.

### **7-тaraу. Құрылыш алаңдарын ұстауға қойылатын талаптар**

23. Құрылыш алаңы мердігерлік тәсіл кезінде құрылыш салушының жүргізуінде - жұмыстарын жүргізуге рұқсат берілген сәттен бастап мердігердің жүргізуіндегі болады.

Құрылыш алаңдарының шекаралары барлық мүдделі органдармен, қызметтермен келісілген және сәulet органымен бекітілген қолданыстағы нормалар мен Қағидаларға сәйкес әзірленген құрылыштың бас жоспарымен анықталады.

24. Құрылыш алаңдары, онда орналасқан ғимараттар, уақытша құрылыштар мен үймереттер заңнама талаптарына сәйкестендірілуі тиіс.

Қаланың көріктендірілуіне кері әсерін тигізбеу, құрылыш алаңдарынан қоқыстарды шығартпау мақсатында құрылыш алаңдары мәслихат бекіткен абаттандыру, санитарлық жабдықтау, жинау жұмыстарын ұйымдастыру және Шымкент қаласының аумағында тазалықты қамтамасыз ету туралы Қағидаларға сәйкес келуі тиіс.

### **8-тaraу. Атауларды, реттік нөмірлерді беруге, көрсеткіштерді орнатуға және пайдалануға қойылатын талаптар**

25. Қала аудандарына, көшелеріне, даңғылдарына, алаңдарына, бульварларына, тұйық көшелерге, саябақтарына, саяжайларына, көпірлеріне, басқа құраушы бөліктеріне атаулар беру, қайта атау тәртібін, жер участекеріне реттік нөмір беруді қала әкімдігі анықтайды.

### **3-бөлім. Азаматтық-өнеркәсіптік және басқа да бағыттағы объектілер 9 - тарау . құрылышы**

#### **1. Жалпы талаптар**

26. Объектінің жобалауға арналған рұқсат беру құжаттары мыналар болып табылады :

- 1) жер участекінде (іздестіру жұмыстарын зерттеуді, жүргізуді) жобалауға рұқсат беру туралы әкімдіктің шешімі;
- 2) сәulet органының сәuletтік-жоспарлау тапсырмасы;

### 3) аумақты игеру жөнінде шарт.

27. Рұқсат беру құжаттары келесі жобалық жұмыс түрлерін жүргізуге өз ірленеді:

ғимараттар, үймереттер және түрлі нысандағы кешендердің жаңа құрылышын салу, қайта жаңарту (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау), кеңейту, техникалық қайта жарақтандыру және күрделі жөндеуді жобалау;

тарих, археология, мәдениет пен сәулет ескерткіштеріне жатқызылған объектілер мен үймереттерді күрделі жөндеу, жаңғырту мен пайдалану, қорғау аймақтарын анықтауды жобалау;

жерасты және жерусті инженерлік коммуникациялар мен үймереттер, автомагистральдар, көшелер, өткелдер мен көліктік үймереттер, темір жол жолдары мен метрополитен имараттары және оның үймереттері, трамвай жолдары мен имараттары, троллейбус желілері мен құрылыштар, қоғамдық көлік аялдамаларының жаңа құрылышын салу, қайта жаңғырту, кеңейту, техникалық қайта жарақтандыру және күрделі жөндеу;

аландар, саябақтар және түрлі нысандағы басқа жасыл аймақтар, бассейндер мен фонтандар, қоршаулар мен шағын сәулет нысандары, көшелік жарықтандыру, ғимараттар, имараттар мен кешендерді жарықтағыш, әр алуан жарнама түрлерін, ақпараттық құрылғылар мен көше көрсеткіштері және қоғамдық нысандағы аумақтарды жайландыру жөніндегі басқа жұмыстарға жаңа құрылыш салу, қайта жаңғырту және күрделі жөндеуді жобалау;

табиғи ландшафтты жобалау;

уақытша нысандағы объектілерді (павильондар, дүңгіршектер, жазғы аландар, базарлар, автодұрақтар, гараждар, жанар-жағармай құю стансалары, автомобильдерді техникалық тексеру мен нақтылау орындары, түрлі нысандағы қосымша құрылыштар мен имараттарды, қоршаулар, уақытша инженерлік желілер, көшелік жарықтандыру мен басқа объектілерді орнату) орналастыру мен жайластыруды жобалау;

аумақтарды жоспарлау бойынша құрылыштар мен жасыл желеңтерді бұзу, жер жұмыстарын, ғимараттар, құрылыштар мен үймереттердің ішкі және сыртқы жылжымалы қабырғаларын бұзу, негізгі жаяу жүргіншілер участеклері мен аландарында және басқа жұмыс түрлерін асфальттау, бетондауды жобалау, нәтижесінде атқарымдық пайдалануы және объектінің ішкі көрсеткіштері өзгереді.

28. Сәулет органының кезінде рұқсат құжаттарының төмендегі жұмыстары орындалады:

бұрын келісілген жобалық құжаттама бойынша ағымдағы жөндеу; жаппай мерекелік іс-шараларды өткізу кезінде халыққа қызмет көрсету үшін сауда орындарын орналастыру.

29. Қасбет (нобай, түс) элементтерін өзгерту сәulet органымен келісуге жатады.

## **2. Құрылышты жобалау және қайта жаңғыру**

30. Объектілерді жаңадан салуды, қайта жаңартуды (жаңарту, кеңейту, курделі жөндеу, техникалық қайта жараптандыру) жобалау және абаттандыру қала әкімдігінің (аудан әкімі, сәulet органы) шешіміне және тапсырыс беруші бекітетін жобаға арналған тапсырмаға сәйкес жүзеге асырылады.

Жобалық құжаттаманы әзірлеу санитарлық, экологиялық, өртке қарсы талаптарды және құрылыш нормаларын, жол қозғалысы қауіпсіздігі туралы заңнаманы есепке ала отырып, сәulet органы беретін сәulet-жоспарлау тапсырмасына (СЖТ) сәйкес орындалады. Сәulet-жоспарлау тапсырмасына табиғи-климаттық, сейсмикалық және қала құрылышы талаптарын ескеріп, әр түрлі нысандағы объектілерді жоспарлау, сондай-ақ сәuleттік шешімін жасау, қасбеттерді, ішкі орын-жайларды, төсемдерді және қазіргі заманғы құрылыш және әрлеу материалдарын қолдана отырып, шатырлы орын-жайларды әрлеу, төсемдерден және объектіге жақын орналасқан аумақтардан атмосфералық жауынды су қашырту жүйелерін жасау, аумақты көгалдандыру және абаттандыру, көшениң өту жолдары мен жаяу жүргіншілер жолдарын, шағын сәulet нысандарын жабу, жарнама, тәуліктің қараңғы кезінде жарықтандыру және жарық түсіру жөніндегі жалпы ұсынымдар кіреді.

31. Жобаны әзірлеу мынадай кезеңдер бойынша жүзеге асырылады:

- 1) нобайлық жобаны әзірлеу;
- 2) жұмыс жобасын (оның ішінде "Коршаған ортаны қорғау" бөлімін) әзірлеу;
- 3) жобаны сараптау, оның ішінде экологиялық;
- 4) тапсырыс берушімен жобаны бекіту.

32. Әзірленген жоба сараптаманың қарауына ұсынылады. Жоба құрылыш нормаларынан, сәulet-жоспарлау тапсырмаларының талаптарынан және ұсынымдарынан ауытқыған жағдайда жоба ескертулермен бірге, оны өндеу үшін белгіленген тәртіпте қайта қарастыруға қайтарылады.

## **3. Инженерлік желілерді және үймереттерді жобалауға қойылатын талаптар**

33. Магистралды инженерлік желілер мен имараттарды жобалау пайдалануши және басқа ұйымдардың тапсырысы бойынша жүзеге асырылады. Магистралды инженерлік желілер мен имараттардың құрылышына мүдделі жеке және заңды тұлғалар оларды пайдалануши ұйымдардың балансына кейіннен тапсырылуы мен құрылыштың салынуын жобалауға тапсырысшылардың құқыбы бар.

Объектілердің қолданылуын қамтамасыз ететін таратушы және алаңшілік инженерлік желілерді, сондай-ақ ұзақтығына қарамастан, ғимараттар мен имараттар ішіндегі желілерді жобалау пайдалануши ұйымдардың техникалық

шарттарына сәйкес құрылыш салуышының тапсырысы бойынша жүзеге асырылады.

34. Инженерлік желілер жобалары толық топогеодезиялық негізде орындалуы тиіс және заңнамамен белгіленген тәртіpte сәulet органының келісуіне жатады. Инженерлік желілер жобалары сонымен қатар сараптама арқылы келіследі.

## 10-тaraу. Құрылыш

35. Жер участкесіне жеке меншік немесе жер пайдалану құқығына арналған актіні ұсыну жөніндегі жобалық құжаттамаға сараптау органының оң нәтижесі бар тапсырыс берушілер мемлекеттік сәulet-құрылыш бақылау органына мына құжаттардың көшірмелерінің қосымшалары бар объектіні тұрғызу жөніндегі құрылыш жұмыстарын жүргізуге рұқсат беру туралы өтініш білдіре алады:

қала әкімдігінің объектіні жобалауға арналған шешімі (жерасты желілік обьектілерден басқа);

құрылыш салу мақсаты үшін жер участкесін беру туралы шешім (жер участкесінде құрылыш жұмыстарын жүргізуге рұқсат беру);

сараптаманың оң нәтижесімен белгіленген тәртіpte бекітілген жоба (жобаның жергілікті бөлімдері);

қаланың мемлекеттік сәulet-құрылыш инспекциясына өтініш; мердігердің құрылыш жұмыстарының тиісті тұрлерін жүргізу құқығына лицей зия;

сәulet және қала құрылышы органымен келісілген құрылыштың бас жоспары; жобалық ұйыммен (жобалаушымен) авторлық қадағалауға арналған шарт; белгіленген нысан бойынша прораб пен техникалық қадағалауға арналған басылымдар мен бұйрықтар;

"Сейсмикалық тұрақты құрылыш" және "Құрылыштағы геодезия" курстары бойынша жауапты тұлғалардың куәліктері (қажет болған жағдайда);

тұрғын үй ғимараттарын және өзге құрылыштарды (бұзылған жағдайда) бұзғандығы туралы анықтама.

36. Құрылыш-жөндеу жұмыстарын жүргізуге рұқсат беру екі кезеңде жүзеге асырылады:

1) келесі жұмыс тұрлері кіретін құрылыш аумағын әзірлеу: құрылыштың бас жоспарына сәйкес құрылыш алаңының аумағын қоршау; объектінің негізгі көрсеткіштерін көрсете отырып, төлкүжатын белгілеу; уақытша ғимараттарды салу және оларды уақытша алаңшілік желілерге қосу;

уақытша алаңшілік және алаңдан тыс инженерлік желілерді төсеу;

уақытша кіреберіс жолдарын, өткелдерін және алаңдарын салу.

Бірінші кезең құрылыш алаңының дайындық актісімен ресімделеді, оған аудан әкімдерінен құрылған қабылдау комиссиясының мүшелері қол қояды;

2) мемлекеттік сәulet-құрылыс бақылау немесе сәulet органдарына құрылыс алаңының дайындық актісі тапсырыс берушімен ұсынылғаннан кейін заңнамаға сәйкес құрылыс-жөндеу жұмыстарын жүргізуге рұқсат беріледі.

37. Рұқсат беру құжаттарын және басқа шығыс материалдарын (олардың берілуіне уәждемеленген бас тарту) ресімдеу және беру мерзімдері, сондай-ақ олардың ресімделуі мен берілуіне төлем төлеу тәртібі (алымдарды өндіріп алу) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленеді

38. Құрылыс жұмыстарын жүргізуге рұқсаты бар тапсырыс берушілер бес күн ішінде объектінің құрылысы басталғандығы туралы мемлекеттік сәulet құрылыс бақылау және сәulet органдарына хабарлайды. Жұмыстарды жүргізу жобада белгіленген құрылыс мерзімдеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Құрылыс жұмыстарын жүргізуге рұқсат алғаннан кейін бес тәулік ішінде коммуналдық шаруашылық органына құрылыстың бас жоспарын және жер жұмыстарын жүргізуге рұқсат алу үшін құрылысқа участке қалдырының сызбасын  
ұ с ы н у ы қ а ж е т .

39. Құрылыс осы Қағиданың 6-бөліміне сәйкес сәuletтік-құрылыстық бақылауды .

40. Объектінің құрылысы аяқталғаннан кейін тапсырыс беруші заңнамамен белгіленген тәртіpte объектіні пайдалануға қабылдағанға дейін сәulet және қала құрылысы органдарына электронды және қағаз тасығыш түрінде объектінің атқарушылық топографиялық түсіруін тапсыруға және ұсынуға міндettі.

### 11-тaraу. Құрылысы аяқталған объектілерді қабылдау

41. Құрылысы, қайта жаңартылуы, кеңейтілуі, техникалық қайта жарақтандырылуы, жаңартылуы және күрделі жөндеуі аяқталған объектілер мен кешендерді пайдалануға қабылдау "Сәulet, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген тәртіpte жүзеге асырылады .

42. Объектілерді пайдалануға қабылдау мемлекеттік қабылдау комиссиясымен немесе объектінің толық дайындығы жағдайындағы қабылдау комиссиясымен жүргізіледі. Мемлекеттік қабылдау комиссиясының жеке құрамын қала әкімі бекітеді .

Егер бекітілген жобамен бұл қарастырылған болса, онда толық дайындыққа ішкі қаптау, әрлеу, тұсқағаз жұмыстарының, таза едендер орналастырусың, санитарлық-техникалық жабдықтар мен аспаптар орнатусың, тұрмыстық тұрғыдағы электрлі техникалық аспаптарының, газ және электрлік ас үйлік плиталарының, орамішлік есік блогының тұрғын үйлер мен қоғамдық ғимараттар жатуы мүмкін. Бұл жағдайда объект бойынша сыртқы әрлеу жұмыстары, сондай-ақ жалпы қолданыстағы орын-жайлардағы (ғимарат бөліктерінде) ішкі әрлеу жұмыстары толық көлемде орындалуы тиіс. Мемлекеттік қабылдау (

қабылдау комиссиясы) комиссиясының осындай объектілерді қабылдауы тек аталған жұмыстар аяқталғаннан соң ғана жүзеге асырылады.

43. Мемлекеттік қабылдау актісін ресімдегенге дейін тапсырысшылар мердігерлермен және қала және аудан қызметтерімен бірлесіп:

жұмыс комиссиясының актілерін;

қажетті атқару құжаттамасын дайындайды.

44. Объектілер мен кешендерді пайдалануға қабылдау жұмыс комиссиясының ескертулерін жойған соң жүзеге асырылады және қала (аудан) әкімі бекітетін мемлекеттік комиссия (қабылдау комиссиясы) актісімен ресімделеді.

Құрылыш-монтаждау жұмыстарының өндірісіне рұқсат болған жағдайда құрылышы аяқталған техникалық қыын емес объектілерді пайдалануға қабылдауды тапсырысшы дербес жүзеге асырады, бұл жағдайда жұмыстарды қабылдау актісін рұқсат берген орган бекітеді.

45. Салынған объектіні белгіленген тәртіpte бекітілген, пайдалануға қабылдау актісі объектіні жылжымайтын мұлікке құқықтарды және олармен жасалған мәмілелерді тіркеу мемлекеттік органда тіркеу үшін негіздеме болып та б ы л а д ы .

Объектілерді пайдаланудың кепілдік мерзімі заңнамаға сәйкес белгіленеді.

46. Тапсырысшы объектінің құрылышы аяқталғаннан және оған құқықты тіркегеннен кейін заңнамамен қарастырылған тәртіpte қала құрылышы төлқұжатын жасау үшін қажетті мәліметтер мен құжаттамаларды сәulet органына ұсынады.

**12-тaraу. Инженерлік желілер мен құрылымдардың құрылышы және жөндеу жөніндегі жұмыстарды жүргізуге қойылатын талаптар**

47. Инженерлік желілер мен құрылымдардың құрылышы және жөндеу жөніндегі жұмыстарды жүргізуге қойылатын талаптар осы Қағидалармен және мәслихат бекіткен Шымкент қаласының аумағында абаттандыру, жермен көк желекті қорғауын қамтамасыз ету туралы Қағидалармен айқындалады.

48. Инженерлік желілерді қажетті шараларын қолдануға жұмыстар жүргізу үшін жауапты тұлға жұмысты бастағанға дейін қырық сегіз сағаттан кешіктірмей пайдаланушы ұйымдардың өкілдерін жұмыс орнына шақыруға, олармен бірлесіп, бар желілердің және құрылымдардың нақты орналасқан жерін белгілеуге және оларды толық сақтау үшін шаралар қолдануға міндettі.

Пайдаланушы ұйымдардың басшылары жұмыс жүргізу орнына өзінің өкілдерінің келуін қамтамасыз етеді және жұмыстарды орындау кезінде оларға тиесілі желілердің және құрылымдардың сақталуын қамтамасыз ету үшін қажетті талаптардың толық жазбаша нұсқауын береді. Жол жабындарын ашу және

көшелерді, аландарды және көпшілік пайдаланатын басқа орындарды қазу жөніндегі жұмыстар коммуналдық шаруашылық органының және пайдаланушы үйымдардың рұқсатымен ғана жүргізіледі.

49. Жұмыстарды жүргізуге жауапты тұлға жұмыстар басталғанға дейін мұналады орындауға:

1) коммуналдық шаруашылық органынан жұмыстарды жүргізу құқығына рұқсат алуға (қоршаған ортаны қорғау жөніндегі органмен келісіледі);

2) қазу шекаралары бойынша МЕМСТ белгілеген үлгідегі қоршau белгілерін қоюға;

3) көлік қозғалысы орындарында (мүмкіндігінше) көлік қозғалысы үшін тиісті қоршаулар мен жол белгілерін қойып, жүру жолдарын дайындауға;

4) жаяу жүргіншілер қозғалысы орындарында тұтқалары бар жаяу жүргіншілер көпірлерін және қазу участесіне тұнгі уақытта жарық беруді қамтамасыз етуге;

5) механизмдер жұмыс істейтін аймақта жасыл екпе ағаштар бар жағдайда олардың сақталуын кепілдік ететін және науалар мен құдықтарға қол жеткізуін қамтамасыз ететін қалқандармен қоршап қоюға міндетті.

50. Жолдарды тиісті белгілермен жабуды талап ететін қазулар кезінде айналып өту белгісі анық көрсетіледі. Автокөліктің бағдарын өзгерту қажет болған кезде тапсырысшы оны азаматтарға бұқаралық ақпарат құралдары арқылы хабарлай отырып, қала әкімімен және жол полициясымен келіседі.

51. Траншеяларды әзірлеуді жол жабынының сақталуына кепілдік ететін алдын ала дайындықсыз бастауға тыйым салынады.

Жұмыстарды орындау орнына материалдарды жеткізу жұмыстарды орындауды бастағанға дейін кемінде жиырма төрт сағаттан кейін рұқсат етіледі.

52. Көшелерде, аландарда және басқа да аббаттандырылған аймақтарда жерасты коммуникацияларын жүргізу үшін траншеялар мен қазаншұңқырлар қазу мынадай талаптарды сақтай отырып, жүргізілуі тиіс:

1) жұмыстар жұмыс жүргізу жобасына сәйкес қысқа участекерде орындалады;

2) келесі участекерде жүргізілетін жұмыстар алдыңғы участекеде қалпына келтіру жұмыстары мен аумақтарды жинастыруды қоса, барлық жұмыстарды аяқтағаннан кейін ғана бастауға рұқсат етіледі;

3) траншеялар мен қазаншұңқырлардан алынған топырақтар дереу жұмыс орнынан шығарылуы тиіс;

4) траншеяларды қайта жапқанда құммен, галечникті топырақпен, шағылтастармен немесе цементтейтін қасиеті жоқ басқа да аз тығыздалатын жергілікті материалдармен (деформациялау модулі 20 Мпа және одан жоғары) жүргізілуі тиіс;

5) асфальбетонды жабындарының ені жеті метрден аспайтын көшелерде магистральды инженерлік желілер өткізген кезде асфальбетонды жабындар бар жолдың барлық ені бойынша қайта төселеді, ал ені жеті метрден көп болса, асфальбетонды жабындарды қайта төсеу траншея бойынша және құрылыш механизмдерінің жұмыс аймағында орындалады;

6) асфальбетонды жабындарының ені екі метрден аз жаяу жолдар бойынша асфальбетонды жабын жаяужолдың барлық ені бойынша қалпына келтіріледі, ал ені екі немесе одан да көп метр болса, асфальбетонды жабынды қайта төсеу траншея бойынша және құрылыш механизмдерінің жұмыс аумағында орындалады. Жасыл екпе ағаштарды, жерасты құрылымдары құдығының қақпақтарын, су ағатын торларды және науаларды құммен немесе құрылыш материалдарымен жабуға тыым салынады.

53. Траншеяларды әзірлеуді аяқтағаннан кейін жұмыс жүргізуге жауапты тұлға мемсөuletқұрылышбақылау органының өкіліне траншея әзірлемесінің инженерлік желілер жобасына сәйкестігін куәландыруға және актіге сәйкес деректерді ресімдеуге міндettі.

54. Құрылыш-монтаждау жұмыстарын жүргізу немесе аяқтау кезінде инженерлік желілер трассасының жобалары сәйкес болмаған жағдайда сәulet органы осы желілерді қайта өткізуге ұйғарыл береді. Жобаға сәйкес келтіру үшін инженерлік желілерді және олардың жабдықтарын қайта орнатуға жұмсалатын шығындар осы жұмыстарды жүргізетін ұйымның есебінен жүргізіледі.

55. Топырақты жолдарды қазған кезде қазуды жүргізген ұйым жұмыстарды аяқтағаннан кейін топырақты қабаттап тығыздап, қайта жабу жұмыстарын орындауға міндettі.

56. Инженерлік желілерді өткізген орындарда отыру пайда болған, асфальтобетон жабынының жоғарғы қабаты бұзылған жағдайда жұмыстарды жүргізуге рұқсат алушы коммуналдық шаруашылық органы олардың пайда болу себебін негіздел белгілеген кезде тұрақты екі жыл бойы асфальтобетон жабының қайталап келтіруге міндettі.

57. Инженерлік желілерді жөндеу және инженерлік құрылымдар құрылышы аяқталғаннан кейін, бірақ соңғысын топырақпен жапқанға дейін мердігер орындаушылық түсірімнің бір данасын сәulet органына тапсырады.

Люктері мен құдықтары (бұру бұрыштары жоқ тік участеклерде) бар коммуникациялардың орындаушылық түсірімдері траншеяларды жапқаннан және ішкі аббатандыру элементтерін толық қалпына келтіргеннен кейін жүргізілуі мүмкін.

58. Барлық инженерлік желілердің және олардың құрылымдарының орындаушылық түсірімдері бір данадан сәulet органына беріледі. Орындаушылық сызба инженерлік желілердің немесе құрылғылардың төлкүжаты

болып табылады және салынып жатқан объектінің құралды геодезиялық түсірімі негізінде орындалған жоспардан және пішіннен тұрады.

59. Құрылышы аяқталған инженерлік желілерді пайдалануға қабылдауды құрамына тапсырысшының, сәulet органының, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі органның, мемлекеттік қадағалау органдарының, бас мердігердің, қосалқы мердігер ұйымдардың, жобалау ұйымының, техникалық инспекцияның және қажет болса басқа да мүдделі органдардың өкілдері кіretін мемлекеттік немесе қабылдау комиссиясы жүргізеді.

60. Комиссия ұсынған құжаттаманы қарап, салынған құрылғыларды іс жүзінде қарайды және:

- 1) орындалған жұмыстардың орындаушылық сызбаларға сәйкестігін;
- 2) орындалған жұмыстардың сапасын;
- 3) толық орындалмаған жұмыстарды белгілейді.

Комиссия белгілеген толық орындалмаған жұмыстар (ақаулар) жойылғаннан кейін инженерлік желі тұрақты пайдалануға қабылданады.

61. Инженерлік желілерді пайдалануға қабылдау люктерді, құдықтарды орнатуды және абаттандыру элементтерін толық қалпына келтіруді қоса алғанда, жұмыстарды толық аяқтағаннан кейін жүргізуі мүмкін.

62. Қаланың (елді-мекендердің) көшелеріндегі және орамішлік аумақтарындағы құдықтардың, жылу камераларының, люктердің жай-күйіне жауапкершілікті осы инженерлік желіні жүргіzetін пайдаланушы ұйым артады.

63. Ғимараттар мен құрылғылар құрылышы кезінде, сондай-ақ аймақтарды абаттандыру жөніндегі жұмыстарды орындау кезінде инженерлік жерасты сәulet органында тіркелген және пайдалануға қабылданған жобадан алшақ төселгені анықталған жағдайда бұл желі пайдалануға қабылданған ұйымның есебінен қайта өткізуге жатады.

### **13-тaraу. Инженерлік желілер апатын жою жөніндегі қалпына келтіру жұмыстары**

64. Өндірістің тоқтауына, жазатайым оқиғаларға себеп болған жерасты инженерлік желілері мен құрылғылары бұзылған жағдайда осы құрылғыларды пайдаланушы ұйымның басшылары немесе басқа өкілетті өкілдері апат туралы дабыл алғаннан кейін:

1) бұзылған желілерді сөндіру және қайта қосу үшін жауапты тұлғаның басшылығымен дереу апат бригадасын шақыруға;

2) апат туралы техникалық инспекцияға, абаттандыру қызметтеріне, жол полициясына, өртке қарсы қызметке, сондай-ақ апат орнында іргелес жерасты шаруашылығы бар басқа да ұйымдарға хабарлауға міндетті. Көрсетілген ұйымдардан басқа қоршаған ортаны қорғау жөніндегі органға хабарлайды, су жүргізу және/немесе арна желілерінде апат болған жағдайда

санитарлық-эпидемиологиялық қызметке хабарланады.

Егер үлкен апат тұнгі уақытта болса, апатты жою жөніндегі үйымның іс-қимылын үйлестіру үшін қала әкімі аппаратының кезекшісіне телефонхат беріледі.

65. Апатты жою жұмыстары жолды жабуға әкелген жағдайда жол полициясының органдары жолды уақытша жабу және айналып өту бағыты туралы, сондай-ақ бұзылған желілердің иелерімен бұзылуды жою мерзімін белгілеу мәселесін шешуге шаралар қолданады.

66. Апатты жою жөніндегі жұмыстар инженерлік желілердің және құрылғылардың бұзылуына жол берген үйымға жүктеледі. Апатты жою жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезінде жұмыс жүргізетін үйым жұмысын тоқтатпастан, инспекциядан немесе тиісті қызметтерден жұмыстарды жүргізуіне ордер алуға міндетті. Жабындарды, сондай-ақ абаттандырудың басқа да элементтерін қалпына келтіру жұмыстарды аяқтағаннан кейін екі күннен кешіктірмей басталуы тиіс.

67. Егер жерасты құрылғылары жарамсыз болып қалса, жарамсыз болып қалғанның орнына пайдалануға болатын басқа құрылғылар бар болса, онда жарамсыз болып қалған құрылғылар пайдаланудан шығарылады және топырақтың астынан алынады.

68. Жұмыс істемейтін құрылғыларды жою жөніндегі жұмыстар және қазған жерлердегі жабындарды қалпына келтіру коммуналдық шаруашылық органынан рұқсат алғаннан кейін осы Қағидада белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Қазуға берілген ордерде көрсетілген талаптар бұзылған жағдайда техникалық инспекция, жол полициясы органдары және өзге тиісті қызметтер басталған жұмыстарды тоқтата тұруға, жіберілген бұзушылықтарды жоюды міндеттеуге, келтірілген зиян шығындарын сот тәртібінде өткізуге күқылы.

#### **4-бөлім. Жеке тұрғын үй құрылышы**

##### **14-тaraу. Жеке (усадьбалы) құрылышты жобалау**

69. Жеке тұрғын үй (усадьбалы) құрылышы дегеніміз әрбір тұрғын үй (пәтер) өзінің усадьбалы жер участесіне ие усадьбалы (коттеджді) және блокталған құрылыш.

70. Жеке тұрғын үй құрылышы ауданның сәулетті келбеті, оның жоспарлау құрылымы, үйлердің тұрларі, қабаттылығы, қасбеттерінің сәулеттік шешімі және абаттандыру сәulet органының сәулеттік жоспарлау тапсырмасына сәйкес әзірленген, осы ауданның бекітілген түбекейлі жоспарлау жобасымен белгіленеді.

71. Жеке тұрғын үйлерді жобалау және салу сәулеттік-жоспарлау тапсырмасына, құрылыш нормаларына және Қағидаларына сай белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

72. Жеке тұрғын үй құрылышына арналған жер участкесінің көлемі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленеді.

73. Жеке тұрғын үй құрылышы жоба бойынша жүргізіледі. Жобада құрылымдық және жоспарлау шешімдері, тұрғын үй ғимараттары үшін ең тәменгі мемлекеттік нормативтер мен стандарттардан тәмен емес қауіпсіз өмір сұру талаптарына жауап беретін қоршау түрі көрсетіледі.

74. Жеке тұрғын үй құрылышына арналған жобаның сапасына, тапсырысшы объектіні пайдалануға тапсырғанға дейінгі жауапкершілік жобаны әзірлеушіге (авторға) және келіскең ұйымға жүктеледі.

### **15-тaraу. Жеке тұрғын үй құрылышы**

75. Жеке тұрғын үй құрылышы кезіндегі тапсырысшының іс-әрекеті тәмендегідей ретпен жүзеге асырылады:

1) тапсырысшы қала әкімдігіне жер участкесін беру туралы өтінім береді (жер участкесін мемлекет өткізетін ашық саудада немесе дербес жеке немесе занды тұлғадан сатып алады);

2) әкімдікten оң шешім алғаннан кейін (жер участкесін сатып алғаннан кейін), сондай-ақ екі тұрғын үйді жобалауға және салуға рұқсат алғаннан кейін тапсырысшы жобаны әзірлеуді және оны сәulet органымен келісуді жүзеге асырады;

3) сәulet органының оң қорытындысы негізінде тапсырысшы мемсәuletқұрылышбақылау органына құрылыш жүргізуге рұқсат беру туралы өтініш береді. Мемсәuletқұрылышбақылау органы құрылыш жүргізуге рұқсат беруге не бір ай мерзімде себебін көрсете отырып, рұқсат беруден жазбаша бас тартуға міндетті. Өтініш берушінің толық емес және сенімсіз мәліметтер (өтініш құжаттары) ұсынуы рұқсат құжаттарын беруден бас тартуға себеп болып табылады;

4) мемсәuletқұрылышбақылау органынан рұқсат алғаннан кейін тапсырысшы қажетті топогеодезиялық жұмыстарды орындауға тапсырыс береді;

5) құрылыш-монтаждау және абаттандыру жұмыстарын толық көлемде жүргіздеді;

6) құрылыш аяқталған объектіні пайдалануға тапсырады.

76. Инженерлік және көліктік инфрақұрылым құрылышы тапсырысшының қаражаты есебінен ерікті негізде жүзеге асырылуы мүмкін, бұл ретте тапсырысшының қаражаты есебінен жүзеге асырылатын инженерлік және көліктік инфрақұрылым объектілері құрылышының жобасы сәulet органымен келісуі тиіс.

77. Инженерлік жабдық орталықтандырылған қалалық желілерге қосуды, сондай-ақ жергілікті және орамды автономды құрылғылар орнатуды көздейді.

78. Жеке тұрғын үй құрылышы кезеңінде іргелес аумактарда тіршілік

қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қолайлы технологиялық процесті қамтамасыз ету және құрылыш алаңының әсем келбетін жасау мақсатында тапсырысшы жер участкесіне қоршау орнатуға және сәulet органымен келісілген нобайлы жобаға сәйкес өзге шараларды жүзеге асыруға міндettі.

79. Құрылыш аумағын қоршау биiktігі, сәulet шешімдері және қоршау құрылышының материалдары сәulet органымен келісуге жатады.

80. Жеке тұрғын үй құрылышы аяқталғаннан кейін тапсырысшы объектіні пайдалануға қабылдағанға дейін сәulet органына топографиялық түсірімдерді және орындаушылық түсірімді, соның ішінде инженерлік желілер бойынша топографиялық түсірімдер және орындаушылық түсірімдер жасауға тапсырыс беруге және ұсынуға міндettі.

### **16-тарау. Құрылышы аяқталған жеке тұрғын үйді қабылдау**

81. Құрылышты жүзеге асыру тәсіліне қарамастан жаңадан салынған жеке тұрғын үйлер барлық құрылыш-монтаждау жұмыстарын, аббаттандыру және жер участкесін жобаға сай қоршау жұмыстары орындалғаннан кейін аудан әкімі құрған қабылдау комиссиясымен қабылданады.

Қабылдау комиссиясының мүшелері заңнамада белгіленген құрылыш нормалары мен Қағидаларына сәйкес келмейтін жеке тұрғын үйлерді пайдалануға қабылдаған үшін жауапкершілік артады.

82. Пайдалануға қабылдау актісін ресімдегенге дейін сәulet органы рұқсат құжаттарының барын және объектінің орындаушылық түсірімдерін және жеке тұрғын үй құрылышы бойынша қала құрылышы қорытындысын іс жүзінде т е к с е р е д і .

83. Жеке тұрғын үй құрылышын қабылдау қабылдау комиссиясының актісімен ресімделеді.

84. Қабылдау комиссиясының актісі тапсырысшының жеке тұрғын үйге меншік құқығын тіркеу үшін негіз болып табылады.

### **17-тарау. Жеке тұрғын үйді және усадьбалы участкені пайдалану үшін жауапкершілік**

85. Тұрғын үйді, басқа құрылыштарды және құрылғыларды пайдалану үшін жауапкершілік және осы мақсаттарға жұмсалатын шығындар, сондай-ақ күрделі жөндеу және усадьбалы участке шекарасының аумағын инженерлік қорғау жөніндегі қажетті шаралар жеке тұрғын үйдің иесіне жүктеледі. Меншік иесінен сондай-ақ усадьбалы участкені санитарлық-экологиялық нормаларды сақтай отырып, мақсатты пайдалануды қамтамасыз ету жүктеледі.

### **5-бөлім. Уақытша құрылғыларды орналастыру**

#### **18-тарау. Сауда объектілерін орналастыру**

86. Әсем сәuletтік келбетті сақтау және көшелерді тиісті санитарлық жай-күйде ұстау мақсатында сауда объектілерін (шығарылатын сөрелер, сауда

автоматтары, палаткалар, дүңгіршектер және т.с.с.) орналастыру сәulet органы және мемлекеттік қадағалау органымен келісілген және белгіленген тәртіппен бекітілген участкені таңдау актісіне сәйкес жүзеге асырылады.

87. Жұмыс істеп тұрған сауда объектілері бұзу немесе басқа участкеге ауысу туралы негізделген ескерту алғанға дейін жұмыс істей береді.

88. Сауда объектілері орналасқан жер участкелері уақытша құқық беру құқығында пайдаланылады.

### **19-тaraу. Көлік құралдарын сақтау және қызмет көрсету үшін құрылымдарды орналастыру**

89. Автомобильдерді тұрғын орамдарда, шағын аудандарда, тұрғын аудандарда тұрақты сақтау үшін гараждар мен алаңшалар орналастыру мемлекеттік қадағалау органымен келісілген және белгіленген тәртіппен бекітілген участкені таңдау актісіне сәйкес жүзеге асырылады.

90. Кооперативтік гараждар мен автотұрақтарды жобалау және салу құрылыш және өзге нормалар мен Қағидаларды сақтай отырып, жүзеге асырылады.

91. Iрі сауда және қоғамдық ғимараттарды жобалау кезінде мемлекеттік қадағалау органымен міндетті түрде келісе отырып, қоса салынған, жапсарлас салынған және/немесе жерасты гараждарын қарастыру қажет.

92. Автокөлік құралдарына техникалық қызмет көрсету станциялары өндірістік аймақтарда негізгі магистральдарға жақын жерде, өнеркәсіптік, коммуналдық және көліктік кесіпорындардан санитарлық-қорғаныш аймағының оқшауланған участкелерінде, тұрғын үй құрылышынан алшақ орналастырылады.

93. Стационарлық автомобильге май құю станциялары мен техникалық қызмет көрсету станциялары құрылыш нормалары мен Қағидаларын, санитарлық, экологиялық және өртке қарсы талаптарды сақтай отырып, арнайы бөлінген аландарда, қолайлы көлік кірме жолдары ұйымдастырылған магистральдарда орналасуы тиіс.

94. Контейнерлі автомобильге май құю станциялары өртке қарсы және экологиялық талаптарды сақтай отырып, уақытша резервтелген аумақтарда орналасуы мұмкін.

95. Бір аланда техникалық қызмет көрсету станциясын, стационарлық автомобильге май құю стансасын, автомобильдерді жуу орындарын және басқа да қызмет көрсету объектілерін біріктіруге жол беріледі.

96. Автомобильге май құю стансасы мен техникалық қызмет көрсету стансаларын орналастыру оларды орналастырудың бекітілген сыйбасына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

### **6-бөлім. Сәулеттік-құрылыш қызметін бақылау 20-тaraу. Қала құрылышы қызметінің жүзеге асырылуын бақылау**

97. Қала құрылышы қызметінің жүзеге асырылуын бақылау құрылышты Шымкент қаласының Бас жоспарына, өзге қала құрылышы құжаттамаларына, мемлекеттік қала құрылышы нормативтері мен Қағидаларына сәйкес жүргізуді қамтамасыз етуге бағытталған.

98. Мемлекеттік сәулеттік-құрылыштық бақылау және сәулет органдарының лауазымдық тұлғалары құзыреттілігінің шегінде мыналарға:

1) сәулет, қала құрылышы және құрылыш субъектілерінен Қазақстан Республикасының аумағында салынған және салынып жатқан (қайта жаңартып жатқан, кеңейтіліп жатқан, жаңғыртылып жатқан, қурделі жөндөліп жатқан) объектілер және кешендер туралы ақпарат сұрауға және алуға;

2) тапсырысшылардан құрылыш бойынша жобалау және орындаушылық құжаттаманы, сондай-ақ тиісті жобалардың сараптамаларын танысу үшін сұрауға және алуға;

3) салынып жатқан (қайта жаңартып жатқан, кеңейтіліп жатқан, жаңғыртылып жатқан, қурделі жөндөліп жатқан) объектілер және кешендерге кедергісіз баруға және оларда жүргізіліп жатқан құрылыш-монтаждау жұмыстарының сапасына жедел инспекциялық тексеріс жүргізуғе;

4) сәулет-қала құрылышы, экологиялық нормативтерінің талаптарына, жол жүру қауіпсіздігі туралы заңнаманың талаптарына және сәулет органды берген сәулеттік-жоспарлау тапсырмасына жауап бермейтін жобаларды келіслуге жібермеуғе;

5) бекітілген жобалау құжаттамасын, нормативтік талаптарды бұзған және қате орындаған, адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін, тарихи және мәдени құндылықтарды, соның ішінде мәдени ескерткіштерді, қалалық және табиғи ландшафттарды жоятын, сондай-ақ азаматтардың, мемлекеттің және занды тұлғалардың меншігіне, құқықтарына және мұдделеріне зиян келтіретін құрылыш-монтаждау, жөндеу-құрылыш және басқа да жұмыс түрлерін тоқтата тұру туралы негізделген ұсыныстар енгізуғе;

6) тиісті мемлекеттік органдарға рұқсатсыз құрылыш жүргізген, қала құрылышы тәртібін, сәулет және құрылыш саласында қолданыстағы заңнаманы бұзған тұлғаларды белгіленген тәртіpte әкімшілік және жауапкершіліктің өзге түріне тарту туралы материалдар жолдауға құқылы.

99. Мемлекеттік сәулеттік-құрылыштық бақылау және сәулет органдарының іс-әрекеттері мен шешімдеріне сотта шағымдануы мүмкін.

## 21-тaraу. Сәулеттік-құрылыштық бақылауды үйімдастыру

100. Сәулеттік-құрылыштық бақылауды мыналар жүзеге асырады:

1) сәулет, қала құрылышы және құрылыш істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган және оның Шымкент қаласы бойынша аумақтық бөлімшесі (сәулеттік-құрылыштық бақылау органы);

- 2) сәulet органы, өзінің бақылау-қадағалау өкілеттіктерінің шегінде;
- 3) тапсырысшы, құрылышқа техникалық қадағалауды және объектіні пайдалануға қабылдауды үйымдастыру жолымен;
- 4) жобалау құжаттамасын әзірлеушілер, құрылышқа авторлық қадағалау жүргізу жолымен;
- 5) жұмысшылар, қабылдау және мемлекеттік қабылдау комиссиясы.

Сәулеттік-құрылыштық бақылауды заңнамада қарастырылған өкілеттіктерінің шегінде өзге мемлекеттік органдардың қадағалау қызметі толықтырады.

101. Сәулеттік-құрылыштық бақылауды жүзеге асыратын лауазымдық тұлғалардың міндептеріне енетіндер:

қала аумағында сәulet, қала құрылышы, құрылыш қызметінің субъектілері жіберген мемлекеттік нормативтерді және талаптарды (шарттарды, шектеулерді) бұзушылықтарды анықтау және себептерін талдау;

өз өкілеттіктеріне сәйкес сәulet, қала құрылышы, құрылыш қызметінің субъектілері жіберген мемлекеттік нормативтерді және талаптарды (шарттарды, шектеулерді) бұзушылықтарды, сондай-ақ олардың салдарын жоюға бағытталған ықпал ету шараларын қолдану;

мемлекеттік сәулеттік-құрылыштық бақылауды жүзеге асырудың нысандары мен әдістерін жетілдіру жөніндегі іс-шараларды әзірлеу.

102. Сәулеттік-құрылыштық бақылауды жүзеге асыратын лауазымды тұлғалардың құқығы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өкілеттіктер шегінде белгіленеді.

**22-тарау. Мемсәuletқұрылышбақылау органымен сәulet органының арасындағы бақылау функцияларын бөлу**

103. Мемсәuletқұрылышбақылау органы (мемлекеттік сәулеттік-құрылыш инспекциясы) осы Қағиданың 104-тармағына сәйкес құрылыш сапасын бақылау сәulet органының құзыретіндегі жағдайлардан басқа өндірістік және өндірістік емес объектілер құрылышының сапасын бақылауды жүзеге асырады.

104. Сәulet органы мынадай жағдайларда объектілер құрылышының сапасын бақылауды жүзеге асырады:

1) сейсмологиялық қауіп жоғары немесе іске асыру кезінде арнайы жобалау шешімдері мен іс-шараларын талап ететін өзге ерекше геологиялық (гидрогеологиялық) және геотехникалық жағдайлары бар аймақтардағы құрылыштан басқа, жекеменшікті тұрғын үйлер құрылышын;

2) меншікті усадьба жанындағы участкерлерде немесе бақ және бақша серікtestіkтерінің участкерлерінде орналасатын уақытша құрылыштарды, сондай-ақ тұрғын және (немесе) маусымдық жұмыстар мен шалғайдағы мал шаруашылығы үшін шаруашылық-тұрмыстық орын-жайларын салу;

3) қосымша жер участкесін бөлуді (аумактардың кесінділері) талап етпейтін,

көтеруші құрылымдарды, инженерлік жүйелер мен коммуникацияларды өзгертуге байланысты емес, сәулеттік-эстетикалық, өртке қарсы, жарылысқа қарсы және санитарлық сапаны төмендетпейтін, пайдалану кезінде қоршаған ортаға зиянды әсер етпейтін тұрғын ғимараттардағы (үйлердегі) тұрғын және тұрғын емес орын-жайларды қайта жаңарту (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау);

4) азаматтардың жеке пайдалануына арналған техникалық қын емес басқа да құрылыштарды өзгерту.

**23-тaraу. Сәулет және құрылых қызметінің субъектілеріне әкімшілік материалдарын ресімдеу тәртібі**

**1. Мемлекеттік сәулеттік-құрылыхтық бақылау органының әкімшілік материалдарын ресімдеуі**

105. Мемлекеттік нормативтерде қарастырылған Қағидалар мен талаптардың (шарттарды, шектеулерді), өзге де міндепті талаптардың бұзылуы немесе ауытқуының (сәйкессіздік) анықталуына байланысты мемлекеттік сәулеттік-құрылыхтық бақылау органы (не мемлекеттік инспекторлар) сәулет, қала құрылыхы және құрылых қызметінің субъектілеріне мынадай нұсқамалар береде алады:

1) мемлекеттік стандарттарға және техникалық шарттарға сәйкес келмейтін құрылых материалдарын, бұйымдарын, құрылымдары мен жабдықтарды пайдалануға тырым салу туралы;

2) тапсырысшы (құрылых салушы) және (немесе) мердігерлік ұйым (кәсіпорын) жіберілген бұзушылықтарды белгіленген мерзімде жою туралы;

3) құрылых-монтаждау жұмыстарын тоқтата тұру туралы.

106. Нұсқамаларға қол қою құқығына тек мемлекеттік сәулеттік-құрылыхтық бақылаудың лауазымдық тұлғаларығана ие.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама кінәлі тұлғаларды әкімшілік жауапкершілікке тарту үшін Шымкент қаласы бойынша бас мемлекеттік құрылых инспекторына тапсырылады.

107. Лауазымдық тұлғалар бұзушылықтар анықталғаннан кейін немесе сәулет органынан бұзушылықтарды анықтау туралы материалдарды алғаннан кейін Қағиданың 111-тармағына сәйкес үш тәуліктен аспайтын мерзімде екі куәгердің қатысуымен құқық бұзушылық фактісін және құрамын қоса берілген түсініктемеде көрсетіп, хаттамамен әкімшілік құқық бұзушылықты бекітуі тиіс.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама кінәлі тұлғаларды әкімшілік жауапкершілікке тарту үшін Онтүстік-Казақстан облысы бойынша бас мемлекеттік құрылых инспекторына беріледі.

108. Әкімшілік жауапкершілікке тартылған тұлға әкімшілік жауапкершілік туралы заңнамада қарастырылған мерзімде айыппұл төлеуі тиіс.

Ерікті орындау мерзімі аяқталған соң айыппұл салу туралы қаулыны мемлекеттік сәулеттік-құрылыштық бақылау органы мәжбүрлеп орындау үшін  
с о т қ а ж о л д а й д ы .

109. Мемлекеттік сәулеттік-құрылыштық бақылау органы сәulet, қала құрылышы және құрылыш қызметінің субъектілерінің анықталған бұзушылықтарды түзету шараларын қабылдауды, мұндай шаралар қолданбаған жағдайда мемлекеттік сәулеттік-құрылыштық бақылау органы заңнамаға сәйкес іс-шараларды жүзеге асырады.

## **2. Құрылыш нормалары мен Қағидаларының бұзылуына сәulet органының мән беруі**

110. Мемлекеттік нормативтерде қарастырылған Қағидалар мен талаптардың (шарттарды, шектеулерді), өзге де міндетті талаптардың бұзылуы немесе ауытқуының (сәйкессіздік) анықталуына байланысты сәulet органы сәulet, қала құрылышы және құрылыш қызметінің субъектілеріне жіберілген бұзушылықтарды түзетуге шаралар қолдану қажеттілігін көрсетуі мүмкін.

111. Құрылыш нормалары мен Қағидаларының заңнамада қарастырылған өзге талаптарды халықтың өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаның тіршілігіне және с.с. қауіп төндіретін елеулі бұзушылықтар болған жағдайда, сондай-ақ сәulet, қала құрылышы және құрылыш қызметінің субъектілері Қағиданың 110-тармағына сәйкес тиісті нұсқаманы алғаннан кейін жіберілген бұзушылықтарды түзетуге шаралар қолданбаған жағдайда сәulet органы жіберілген бұзушылықтар туралы материалдарды Қағиданың 105-109 тармақтарына сәйкес шаралар қолдану үшін, сондай-ақ заңнаманың шеңберінде өзге шаралар қолдану үшін мемлекеттік сәулеттік-құрылыштық бақылау органына тапсырады.

## **7-бөлім. Қорытынды Қағидалар**

112. Осы Қағида меншік түріне және ведомстволық бағыныштылығына қарамастан қызметін Шымкент қаласының аумағында жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар үшін орындауға міндетті.

113. Осы Қағиданы бұзған кінәлі тұлғалар заңнамаға сәйкес жауапкершілікке тартылады.